

Қазақстан Республикасы жедел медициналық жәрдем қызметінің 2023 жылғы қызметін талдау

Жедел медициналық көмек қызметі (бұдан әрі – ЖМЖ) 20 дербес станциядан, 95 қалалық қосалқы станциядан және 283 аудандық бөлімшеден тұрады.

Облыстық / қалалық ЖМЖ станцияларында бір ауысымда **ЖМЖ 1 514 көшпелі бригадасы** жұмыс істейді, оның ішінде 279 (18,4%) мамандандырылған (дәрігерлік) және 1 235 (81,6%) фельдшерлік бригада. ЖМЖ станцияларының дәрігерлік және фельдшерлік бригадаларының арақатынасы 18/82 құрайды. Есепті кезеңнің қорытындысы бойынша ЖМЖ қалалық бөлімшелерінде 935 бригада, ауданда 579 бригада жұмыс істейді.

Республика бойынша жеделділіктің 4 санатындағы шақыруларға қызмет көрсету үшін **МСАК ұйымдары жанындағы ЖМЖ бөлімшелерінде 466 бригада жұмыс істейді**, оның ішінде қалалық бөлімшелерде 260 бригада, аудандық бөлімшелерде 206 бригада жұмыс істейді.

МСАК ұйымдары жанындағы ЖМЖ бөлімшелері бригадаларының саны

№	Өңірлер	МСАК ұйымдары жанындағы ЖМЖ
1	Абай обл.	8
2	Ақмола обл.	22
3	Ақтөбе обл.	35
4	Алматы обл.	38
5	Атырау обл.	9
6	ШҚО	22
7	Жамбыл обл.	31
8	Жетісу обл.	8
9	БҚО	23
10	Қарағанды обл.	34
11	Қостанай обл.	23
12	Қызыорда обл.	29
13	Маңғыстау обл.	21
14	Павлодар обл.	4
15	СҚО	16
16	Түркістан обл.	72
17	Ұлытау обл.	4
18	Шымкент қ.	26
19	Алматы қ.	12
20	Астана қ.	29

Кадрлар:

ЖМЖ қызметінің кадрлармен қамтылуы **91,4%** құрады (2022 ж. – 89,2%). Есепті кезеңде дәрігерлік кадрлармен жасақталу 5,5% - ға ұлғайды және 81,9% – 7 құрады (2022 ж. - 76,4%), орта медицина қызметкерлерімен жасақталу 5,7% - ға ұлғайды және 92,8% құрады (2022 ж. – 87,1%).

ОЖМЖС-ті дәрігерлік кадрлармен жасақтаудың төмен деңгейі Ақмола (78,9%), Ақтөбе (62,2%), Алматы (74%), Жетісу (21,3%), Батыс Қазақстан (51,6%), Қостанай (35%), Маңғыстау (72,7%), Солтүстік Қазақстан (67,2%), Ұлытау (25%) облыстарында байқалады.

Ақпараттық жүйелер

Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және 17 облыста шақыруларды басқарудың автоматтандырылған жүйесімен (АБЖ) жарақтандыру деңгейі 100% құрайды.

№ р/с	Өңірлер	АБЖ түрі
1	Абай обл.	КӨМЕК
2	Ақмола обл.	АДИС
3	Ақтөбе обл.	SMART 103
4	Алматы обл.	КӨМЕК
5	Атырау обл.	КӨМЕК
6	ШҚО	КӨМЕК
7	Жамбыл обл.	КӨМЕК
8	Жетісу обл.	КӨМЕК
9	БҚО	SMART 103
10	Қарағанды обл.	SMART 103
11	Қостанай обл.	КӨМЕК
12	Қызыорда обл.	АДИС
13	Маңғыстау обл.	КӨМЕК
14	Павлодар обл.	КӨМЕК
15	СҚО	КӨМЕК
16	Түркістан обл.	КӨМЕК
17	Ұлытау обл.	SMART 103
18	Шымкент қ.	АРМАКОМ
19	Алматы қ.	КӨМЕК
20	Астана қ.	КӨМЕК

Санитариялық автокөлік. Медициналық жабдықтар.

Бүгінгі таңда ЖМЖС теңгерімінде **2 501 бірлік санитариялық автокөлік** бар, оның ішінде **1 534 бірлік қалада және 967 бірлік ауылдық жерде**. ЖМЖС-ның теңгерімінде бар ЖМЖ автокөліктерінің **2 146-сы жүріп тұрған**, бұл 85,8% құрады.

Санитариялық автокөлік кластары туралы ақпарат мынадай:

А Класс – 227 бірлік, оның ішінде қалада 72 бірлік және 155 бірлік ЖМЖ аудандық бөлімшелерінде;

В Класс – 1 595 бірлік, оның ішінде қалада 921 бірлік және 674 бірлік ЖМЖ аудандық бөлімшелерінде;

С Класс – 679 реанимобиль, оның ішінде қаладағы 541 реанимобиль ЖМЖ аудандық бөлімшелерінде 138 реанимобиль.

2023 жылы санитариялық автокөліктің тозуы 8%-ға артып, 43,3% құрады (2022 ж. – 35,3%). Жоғары тозу Абай (50%), Алматы және Атырау (45%-дан), Шығыс Қазақстан (48%), Батыс Қазақстан (65%), Қарағанды (48,1%), Қостанай (59,6%), Павлодар (60,2%), Солтүстік Қазақстан облыстарында (45%) байқалады) және Астана (73%), Алматы (68%), Шымкент (65%) қалаларында байқалады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша 94 бірлік санитариялық автокөлік сатып алынды, оның ішінде 27 бірлік қаржы лизингі шеңберінде республикалық бюджет есебінен, 60 бірлік жергілікті бюджет есебінен және 7 бірлік мемлекеттік-жекешелік әріптестік есебінен.

Санитариялық автокөлік

Өңірлер	Республикалық бюджет	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік	Жергілікті бюджет	Барлығы
Қызылорда обл.	20			20
Маңғыстау обл.		5		5
Ұлытау обл.	7		5	12
Алматы қ.		2	55	57
ҚР	27	7	60	94

Санитариялық автокөлікті GPS навигациясымен жабдықтау 97,8% құрайды. Медициналық жабдықтармен жарақтандыру 2023 жылы қалада 98,3%, ауылдық жерлерде 97,5% (2022 жылы қалада 97,2%, ауылдық жерлерде 93,8%) құрады.

2022 – 2023 жылдар кезеңіндегі сапалық көрсеткіштерді талдау.

2023 жылы қоңыраулар саны **1%-ға артып, 8 568 761 шақыртуды** құрады (2022 ж. – 8 482 373). Есепті кезеңде 1000 тұрғынға шақырту 428 құрады (2022 жылы – 433).

Жеделділік санаттары бойынша 2023 жылғы шақыртулардың құрылымы мынадай:

- жеделділіктің **1-санаттағы** шақырулардың үлесі **0,1%-ға** шамалы **артты** және есепті кезеңде **424 917** шақыруды (5%) құрады (2022 ж. – 417 165 (4,9%)). Жеделділіктің 1 санатындағы шақырулардың артуы Абай облысында 0,6%-ға, Алматы облысында 0,8%-ға, Шығыс Қазақстан облысында 2,2%-ға, Қызылорда

облысында 0,4%-ға, Солтүстік Қазақстан облыстарында 0,5%-ға және Астанада 0,4% -ға, Шымкент қаласында 1%-ға арту байқалады;

- жеделділіктің **2-санатындағы** шақыртулардың үлесі **0,7%-ға артты** және есепті кезеңде **2 381 210** шақыртуды (27,8%), 2022 жылы – 2 299 839 (27,1%) құрады. Жеделділіктің 2-санатындағы шақыртулардың артуы Абай 2,6%-ға, Ақтөбе 1,7%-ға, Алматы 6,3%-ға, Атырау 2,6%-ға, Жамбыл 1,6%-ға, Батыс Қазақстан 3,6%-ға, Қарағанды 3,8%-ға, Маңғыстау 3%-ға, Павлодар 1,2%-ға, Солтүстік Қазақстан облыстарында 0,6%-ға және Астана қаласында 1% артуы байқалады;

- жеделділіктің **3-санатындағы** шақыртулардың үлесі **0,4%-ға артты** және есепті кезеңде **2 608 014 (30,4%)** шақыртуды, 2022 жылы – 2 540 500 (30%) құрады. Жеделділіктің 3-санатындағы шақыртулар Абай облысында 2,2%-ға, Ақмола облысында 0,1%-ға, Алматы облысында 1,9%-ға, Батыс Қазақстан облысында 2%-ға, Қарағанды облысында 1,3%-ға, Қостанай облысында 0,4%-ға, Павлодар облысында 1,3%-ға және Астана қаласында 8,5%-ға, Алматы қаласында 1,2%-ға артты;


- жеделділіктің **4-санатындағы** шақыртулардың үлесі **1,2%-ға азайды**, шақыртулардың саны – **3 154 620 (36,8%)**, 2022 жылы – 3 224 869 (38%) құрады.

ЖМЖ станцияларының бригадалары қызмет көрсеткен жеделділіктің **4-санатындағы** шақыртулардың үлесі **4,8%-ға** ұлғайды және **925 399** шақыруды (29,3%) құрады, 2022 жылы – 790 672 (24,5%).

ЖМЖ бригадалары жеделдіктің **4-санатындағы** шақыртулардың ең көп санына Абай (56,5%), Атырау (64,6%), Жетісу (76,7%), Павлодар (46,8%), Ұлытау облыстары (45,9%) және Алматы қаласы (79,1%) қызмет көрсетті.

МСАК ұйымдары жанындағы ЖМЖ бригадалары қызмет көрсеткен жеделдіктің 4-санатындағы шақыртулардың үлесі 4,8%-ға азайды, бұл **2 229 221** шақыруды (70,7%), 2022 жылы – 2 434 197 (75,5%) құрады.

Сырсаттанушылық құрылымы бойынша шақырулар саны



2023 жылдың қорытындысы бойынша **кешігіп** орындалған шақырулардың үлесі **0,7%-ға артып, 342 786 (4%)** құрады (2022 жылы - 277 882 (3,3%).

Кешігудің жоғары деңгейі Алматы (9,6%), Атырау (7,9%), Маңғыстау облыстарында (15,3%), Алматы қаласында (7,3%) байқалады.

Жеделдік санаттары бойынша 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылы кешігіп орындалған шақыртулар келесідей:

Жеделдік санаты	2022 жылы (%)	2023 жылы (%)
1-санаты бойынша	5,9%	7,7%
2 -санаты бойынша	4,8%	5,6%
3 -санаты бойынша	2,8%	3%
ЖМЖС бригадалары қызмет көрсеткен 4-санат бойынша	2,6%	3,9%
МСАК жанындағы ЖМЖ бригадалары қызмет көрсеткен 4-санат бойынша	2,1%	2,7%

2023 жылы **емдеуге жатқызуға дейінгі** өлім-жітім көрсеткіші 0,03%-ға артып, 0,46% құрады (2022 ж. – 0,43%). Республикалық деректерден жоғары емдеуге жатқызуға дейінгі өлім көрсеткіші Алматы (0,55%), Жамбыл (0,70%), Қостанай (0,96%), Павлодар (0,56%), Солтүстік Қазақстан (0,49%), Түркістан облыстарында (0,59%) және Шымкент қаласында (0,56%) байқалады.

Емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітімнің өсуі Алматы облысында 0,12%-ға, Атырау облысында 0,03%-ға, Жамбыл облысында 0,01%-ға, Батыс Қазақстан облысында 0,02%-ға, Қостанай облысында 0,23%-ға, Қызылорда облысында 0,03%-ға, Маңғыстау облысында 0,01%-ға, Солтүстік Қазақстан облысында 0,04%-ға, Түркістан облысында 0,02%-ға және Астана 0,03%-ға, Шымкент қалаларында 0,02%.

Емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітімнің төмендеуі Абай, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында 0,01%-ға, Қарағанды облыстарында 0,04%-ға, Павлодар облыстарында 0,02%-ға және Алматы қаласында 0,01%-ға орын алады.

Табысты реанимация көрсеткіші 6,2%-ға артып, есепті кезеңде 45,7% құрады (2022 ж. - 40,8%). Республикалық деректерден жоғары табысты реанимация көрсеткіші Абай (54,5%), Ақтөбе (61,8%), Шығыс Қазақстан (66,7%), Жамбыл (50%), Қарағанды (51,6%), Қызылорда (60%), Павлодар (74,1%), Солтүстік Қазақстан (71%) облыстарында байқалады, Түркістан (60%) облыстарында және Астана (58,7%), Шымкент (60,9%), Алматы (49,8%) қалаларында.

Бұл көрсеткіштің төмен деңгейі Алматы (27%), Атырау (32,8%), Жетісу (24,7%), Қостанай (24,8%), Маңғыстау (33,3%), Ұлытау (38,5%) облыстарында байқалады.

Шақыруды қабылдаудан бастап **ЖМЖ бригадасына бергенге дейінгі орташа шақыру уақыты** жеделдіктің 1-санаты бойынша 1,7 минутты, жеделдіктің 2-санаты бойынша – 2,5 минутты, жеделдіктің 3 санаты бойынша – 4 минутты, 4 санат бойынша – 8,3 минутты құрайды. ЖМЖ бригадасына «103» шақырту түскен сәттен бастап пациентке **жеткенге дейінгі орташа уақыт** жеделдіктің 1-санаты бойынша – 9,3 минут, жеделдіктің 2 санаты бойынша – 12,4 минут, жеделдіктің 3 санаты бойынша – 16,8 минут, 4 санат бойынша – 24,2 минут.


ЖМЖ бригадасының шақыруында болу уақыты жеделдіктің 1-санаты бойынша-29,2 минут, жеделдіктің 2-санаты бойынша – 29,7 минут, 3 санат – 26,5 минут және 4 санат бойынша – 23,7 минут.

2023 жылғы жарақаттар, оның ішінде ЖКО, жіті миокард инфарктісі және инсульт кезінде медициналық көмек көрсетудің интеграцияланған моделін үйлестіру кеңесі бойынша талдау.

ЖКО:

Ұсынылған деректер бойынша республика бойынша 2023 жылы ЖМЖ бригадалары **жарақат бойынша 764 345 шақыруға** қызмет көрсетті (2022 ж. – 666 371). **ЖКО бойынша ЖМЖ шақыруларының саны** 2023 жылы республика бойынша **45 707 шақыруды** құрады, оның ішінде қалада – 31 753 (69,5%), трассада – 8 031 (17,6%) және ауылдық жерлерде – 5 923 (12,9%).

Өңірлер бойынша ЖКО үлес салмағы, %



Республикалық көрсеткіштен жоғары ЖКО бойынша шақырту деңгейі Ақтөбе (6,1%), Алматы (7,4%), Атырау (7,8%), Жамбыл облыстары (6,9%), Алматы (7,3%) және Шымкент (9,5%) қалаларында байқалады.

Сонымен қатар, бірқатар өңірлерде ЖКО бойынша шақыртулар санының өсуі байқалады: Алматы және Атырау облыстарында 1,4%, Шығыс Қазақстан облысында 0,2%, Батыс Қазақстан облысында 0,5%, Павлодар облысында 0,4%, Солтүстік Қазақстан облысында 0,1% және Шымкент қаласында 1,8%.

ЖКО-дан зардап шеккендердің саны 54 570 адамды құрады, оның ішінде стационарға жеткізілді – 41 044 (75,2%), стационарға жеткізілгендерден – 19 266 (46,9%) емдеуге жатқызылды.

Облыстық және қалалық ЖМЖ деректері бойынша 2023 жылы ЖКО-дан барлығы **1465 адам қаза тапты**, яғни зардап шеккендер санының 2,7%.

ЖКО-дан өлім-жітім құрылымы стационарға дейін (ауруханаға дейінгі өлім-жітім), қабылдау бөлмесінде және стационарда қаза тапқандар қатарынан құралады.

ЖКО-дан өлім-жітім құрылымы стационарға дейін (ауруханаға дейінгі өлім-жітім), қабылдау бөлмесінде және стационарда қаза тапқандар қатарынан құралады.


ЖКО кезінде емдеуге жатқызғанға дейінгі өлім-жітім көрсеткіші 0,5%-ға ұлғайды және есепті кезеңде 97,9% құрады (2022 ж. - 97,4%).

ЖКО кезінде емдеуге жатқызғанға дейінгі өлім-жітімнің жалпы санынан **ЖМК бригадасы келгенге дейінгі өлім – жітім көрсеткіші 1389 жағдайды (96,9%), ЖМЖ бригадасының қатысуымен – 45 жағдайды (3,1%) құрады.** Есепті кезеңде ЖМК бригадасының қатысуымен өлім-жітім көрсеткішінің 1,3%-ға артқаны байқалады. Мәселен, 2022 жылдың қорытындысы бойынша **бригаданың қатысуымен 26 адам қаза тапты**, бұл ауруханаға дейінгі деңгейде қаза тапқандар санының 1,8% құрады.

Қабылдау бөлмесінде қаза тапқандар саны 16 адамды құрады (ЖКО кезінде қаза тапқандардың жалпы санының 1,1%), стационарда қаза тапқандар саны 15 адамды (1%) құрады.

Жіті миокард инфарктісі:

Ұсынылған деректер бойынша республика бойынша 2023 жылы ЖМИ-мен 25 505 шақыртуға қызмет көрсетілді, бұл шақыртулардың жалпы санының 0,30% құрады (8 568 761). ЖИМ-мен шақыртулардың ең жоғары деңгейі *Алматы (0,58%), Жетісу (0,60%), Қарағанды (1,20%), Маңғыстау (0,48%) облыстарында және Шымкент қаласында (0,62%)* байқалады. Өткен жылы ЖМИ-мен 22 841 шақыртуларға қызмет көрсетілді, бұл шақыртулардың жалпы санының 0,27% -. құрады (8 482 373).



Тромболизистік терапияны (ТЛТ) жүргізуге көрсетілген ЖМИ-мен жағдайлардың саны 1 551 жағдайды құрады (ЖМИ-мен шақыртулардың жалпы санының 6,1%).


ТЛТ жүргізуге көрсетілген жағдайлардың санынан жүргізілген ТЛТ үлесі – 62,9% (976 жағдай) құрады.

ЖМЖ бригадаларының қатысуымен емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім 14,4% құрады (104 жағдай).

Инсульт:

Республика бойынша ұсынылған деректер бойынша 2023 жылы инсультпен 54 300 шақыруға қызмет көрсетілді (шақырулардың жалпы санының 0,6%-ы 8 568 761), оның ішінде қалада 43 325, ауылдық жерлерде 10 975 шақыруға қызмет көрсетілді.

Өңірлер бойынша ЖМҚБ-мен шақыртулардың үлес салмағы, %



ҚР ДСМ клиникалық хаттамаларына сәйкес емдеудің тиімділігі тромболизді уақтылы жүргізуге байланысты. Осыған байланысты, инсультпен ауыратын пациенттерді қала тұрғындары үшін алғашқы 40 минутта және ауылдық жерлерде 3 сағаттан аспайтын уақытта инсульт орталықтарына емдеуге жатқызуды қамтамасыз ету өте маңызды.

Мәселен, қалада алғашқы 40 минутта II-III деңгейдегі медициналық ұйымдарға (инсульт орталықтарына) емдеуге жатқызылғандар саны 38 514 (96,1%) және ауылдық жерлерде 8 482 (85,7%) құрады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша ЖМЖ бригадаларының қатысуымен инсульт кезінде емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім 4,4% құрады (32 жағдай). Инсульт кезіндегі емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітім негізгі аурудың ауырлығымен, сананың, тыныс алудың және жүрек-тамыр жүйесінің функцияларының бұзылуымен байланысты, олар бастапқы ошақтың орналасуы мен көлеміне, ілеспе патологияның болуына байланысты.

Қорытынды

1. Шақыртулар санының 1%-ға артуы байқалады;

2. Кешігіп қызмет көрсетілген шақыртулар үлесінің 0,7% ұлғаюы;
3. Санитариялық автокөліктің тозуын 8 %-ға ұлғайту;
4. жеделдіктің 1-санаты бойынша орташа жету уақытын 9,3 минутқа дейін, жеделдіктің 2-санаты бойынша 12,4 минутқа дейін, жеделдіктің 3-санаты бойынша 16,8 минутқа дейін шамалы ұлғайту;
5. Табысты реанимация көрсеткішін 6,2%-ға ұлғайту;
6. Емдеуге жатқызуға дейінгі өлім-жітімді 0,03%-ке ұлғайту.

Проблемалық мәселелер:

- санитариялық автокөліктің жоғары тозуы;
- ҚР өңірлерінде ЖМЖ станциясын/қосалқы станцияларын салу қажеттілігі, өйткені ғимараттар үлгілік емес және ең төменгі санитариялық нормаларға сәйкес келмейді (салынған жылы: СҚО – 1905 ж., ШҚО – 1956 ж., Алматы обл.– 1976 ж., Жамбыл обл. – 1977 ж., Ақмола обл. – 1981 ж., Атырау обл. – 1984 ж., БҚО – 1989 ж., Павлодар обл. – 1991 жыл);
- дәрігерлік кадрлармен аз қамтылу. 2023 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша дәрігерлік кадрлардың тапшылығы 338,8 штат бірлігін құрайды. Штат бірліктерінің ең үлкен қажеттілігі Жетісу облысында – 71, Алматы облысында – 48, Ақтөбе облысында – 40,8, Қостанай облысында – 29,3, Түркістан облысында – 18, Ұлытау облысында – 16,5, Маңғыстау облысында – 14, БҚО – 13,8, Атырау облысында – 9, Солтүстік Қазақстан облысында-8,3, Ақмола облысында – 8,0 және Астана қ. – 58,3.

Шешу жолдары:

1. ҚР ҚаржыМинінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығына сәйкес ЖМЖС санитариялық автокөлігінің жылдық тозу нормасын 15%-дан 20%-ға дейін ұлғайту;
2. ЖМЖ автопаркін жылына 10-15%-ке жаңарту бойынша қаржы лизингінің ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеу мәселесін қарау;
3. ЖМЖ қызметінің инфрақұрылымын дамыту және жаңарту жөніндегі бағдарламалық құжатты әзірлеу;
4. Қосымша бригадалар құру;
5. ЖМЖ қызметкерлерін халықаралық стандарттар (BLS, ACLS, PALS, PHTLS) бойынша сапалы оқытуды жүргізу;
6. Медициналық колледждердің білім беру бағдарламаларын халықаралық бағдарламалар бойынша оқыту бағдарламаларын енгізе отырып қайта қарау және практика сағаттарын ұлғайту, атап айтқанда, ҚР ДСМ 2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығына, «Жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмек» сертификаттарын бере отырып, «Ересектер, балалар кезек күттірмейтін медицинасы» мамандығы бойынша жалпы практика дәрігерлері

үшін сертификаттау курстарын енгізу бөлігінде өзгерістер енгізу.